| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>  |                                      |   |                |                  |                  |                 |                  |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері   | 7.25%                                | 23,214                                      | 1,671          | 12,378           | 41,636           | 55,314          | 134,213          |
| Клиенттердің қаражаты  | 10.99%                               | 788,840                                     | 459,156        | 1,513,911        | 403,117          | 16,530          | 3,181,554        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар  | 12.40%                               | -   | 484            | 221              | 69,827           | -               | 70,532           |
| Реттелген облигациялар   | 12.82%                               | -   | 560            | 7,824            | 21,639           | 28,564          | 58,587           |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:  | 3.07%                                | 3,101                                       | 2,996          | 13,966           | 86,833           | 317,648         | 424,544          |
| <b>Пайыз есептелетін барлық міндеттеме</b>   |                                      | <b>815,155</b>                              | <b>464,867</b> | <b>1,548,300</b> | <b>623,052</b>   | <b>418,056</b>  | <b>3,869,430</b> |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері   |                                      | 47,678                                      | -              | -                | -                | -               | 47,678           |
| Клиенттердің қаражаты  |                                      | 787,275                                     | 2,402          | 14,733           | 33,407           | 2,697           | 840,514          |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:  |                                      | 97,126                                      | -              | -                | -                | -               | 97,126           |
| <b>Барлық қаржылық міндеттеме</b>  |                                      | <b>1,747,234</b>                            | <b>467,269</b> | <b>1,563,033</b> | <b>656,459</b>   | <b>420,753</b>  | <b>4,854,748</b> |
| Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық  |                                      | 855,178                                     | (306,700)      | (1,158,781)      | 427,063          | 425,688         |                  |
| Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық  |                                      | 1,062,090                                   | (311,587)      | (1,148,261)      | 460,470          | 428,385         |                  |
| <b>Өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық</b>                               |                                      | <b>1,062,090</b>                            | <b>750,503</b> | <b>(397,758)</b> | <b>62,712</b>    | <b>491,097</b>  |                  |
| Активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық | 23.99%                               |   | 17.21%         | (9.12%)          | 1.44%            | 11.26%          |                  |

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)*

---

#### 25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

##### (В) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін банктен кез келген сәтте алуға құқылы, бұл ретте көптеген жағдайда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Бұл депозиттер шарттарда белгіленген оларды өтеу мерзімдері негізінде ұсынылған.

Дегенмен, Басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының болуына және салымдардың айтарлықтай бөлігі талап етуге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, осы шоттар мен депозиттерді саны мен салымшылар түрлері бойынша әртараптандыру және Топтың бұрынғы тәжірибесі осы шоттар қаржыландырудың ұзақмерзімді және тұрақты болып табылатынын білдіреді деп есептейді.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша ағындарының қозғалысы шартта ескерілгеннен басқаша болуы мүмкін деп күтеді, бұл Басшылық ақша қаражаты ағындарын басқаруға өкілетті болғандықтан немесе бұрынғы тәжірибе аталған қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсететіндіктен орын алады.

#### 26. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ Банк капиталының жалпы деңгейіне қатысты талаптарды белгілейді және олардың орындалуын бақылайды.

Банк капитал ретінде кредиттік ұйымдардың капиталын құрайтын баптар ретіндегі заңнамаға сәйкес анықталған баптарды белгілейді:

- 1-деңгейдегі капитал негізгі капитал мен қосымша капитал сомасын білдіреді. Негізгі капитал төлем жасалған меншікті жай акцияларды, материалдық емес активтерді, соған қоса гудвилді, өткен жылдардың залалын және ағымдағы жылдың залалын, шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активін, өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді, активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірісті, қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды, қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулерді және Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылатын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына инвестицияларды алып тастағанда, төленген жай акциялардың, төленген қосымша капиталдың, ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы мен оларға қарсы құрылған резервтердің сомасы ретінде есептеледі. Қосымша капиталға мерзімсіз шарттар және банктің меншікті төленген артықшылықты акциялары енгізіледі, бұл ретте Топтың меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына жасалған инвестицияларын түзету, меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары, Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына жасалған инвестициялар және екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулер шегеріледі.
- 2-Деңгейдегі капитал банктің шығарылған акцияларының он және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясын шегергенде, теңгемен көрсетілген реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.

Жалпы капитал 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капитал сомасын білдіреді.

Жалпы капиталдың жоғарыда келтірілген элементтеріне қолданылатын әртүрлі шектеулер қатары мен жіктеу критерийлері бар.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)*

---

#### 26. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес Банк жалпы капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін келесі деңгейлерде ұстауы тиіс:

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1);
- 1-деңгейдегі капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1-2);
- жалпы капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k2).

2024 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша Банк k1, k1-2 және k2 бойынша капиталдандырудың барлық пруденциалдық нормативтерін орындады, осы коэффициенттердің нақты мәні сәйкесінше 0.151, 0.151 және 0.173 (аудит жүргізілмеген), (2023 жылғы 31 желтоқсанда: k1 –0.154, k1-2 –0.154 және k2 –0.181) құрады.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 26. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Бұдан кейін кестеде 2024 жылғы 31 наурыздағы (аудит жүргізілмеген) және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк капиталының құрамына талдау көрсетілген, ол «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып есептелген.

|   | 2024 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудит<br>жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31<br>желтоқсан |
|---|---|----------------------------|
| <b>1-деңгейдегі капитал</b>   |   |                            |
| <b>Негізгі капитал:</b>   | <b>447,444</b>                                      | <b>397,183</b>             |
| Акционерлік капитал   | 65,648  | 65,648                     |
| Нормативтік талаптарға сәйкес есептелген өткен жылдың бөлінбеген пайдасы  | 356,431   | 225,818                    |
| Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы  | 41,718  | 130,613                    |
| Өткен жылдың бөлінбеген пайдасының есебінен құрылған резерв   | 4,981   | 4,981                      |
| Ғимараттарды оң қайта бағалау   | -   | -                          |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан болған резерв  | (4,326)   | (13,883)                   |
| <b>Реттеуші түзетулер:</b>  |   |                            |
| Материалдық емес активтер   | (17,008)  | (15,994)                   |
| <b>Барлық негізгі капитал</b>   | <b>447,444</b>                                      | <b>397,183</b>             |
| <b>Қосымша капитал:</b>   |   |                            |
| Негізгі капитал критерийлеріне сәйкес келмейтін төленген артықшылықты акциялар нысанындағы капитал  | 11,775  | 11,775                     |
| Банктің меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары   | (11,686)  | (11,686)                   |
| <b>1-деңгейдегі капитал</b>   | <b>447,533</b>                                      | <b>397,272</b>             |
| <b>2-деңгейдегі капитал</b>   |   |                            |
| Реттелген борыш   | 66,537  | 67,626                     |
| <b>Барлық 2-деңгейдегі капитал</b>  | <b>66,537</b>                                       | <b>67,626</b>              |
| <b>Барлық капитал</b>   | <b>514,070</b>                                      | <b>464,898</b>             |
| Нормативпен белгіленген кредиттік залалға бөлінген резерв пен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырма                         | -   | -                          |
| <b>Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел</b> |   |                            |
| Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер  | 2,597,582   | 2,301,707                  |
| Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер   | 162,799   | 118,365                    |
| Нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал активтер мен міндеттемелер  | 49,863  | 51,599                     |
| Операциялық тәуекел   | 159,035   | 103,165                    |
| <b>Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел</b> | <b>2,969,279</b>                                    | <b>2,574,836</b>           |
| <b>k1</b>   | <b>0.151</b>  | <b>0.154</b>               |
| <b>k1-2</b>   | <b>0.151</b>  | <b>0.154</b>               |
| <b>k2</b>   | <b>0.173</b>  | <b>0.181</b>               |

#### 27. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың кредит ресурстарын беру бойынша міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер кредит ресурстарын мақұлданған кредит, кредит карталары бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт түрінде беруді қарастырады.

Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер шығарады және аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және әдетте олардың қолданыс мерзімі бес жылға дейін болады.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 27. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

Топ қаржылық кепілдік, баланстан тыс кредиттік міндеттемелер және аккредитивтер берген кезде клиенттерге несие бергенде қолданылатын тәуекелдерді басқару саясаты мен процедурасын қолданады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан кейін санаттарға бөлінген кесте түрінде берілген. Кестеде кепілдіктер мен аккредитивтерге қатысты көрсетілген сомалар контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күнгі жай-күйі бойынша бухгалтерлік залалдың ең жоғары мөлшерін білдіреді.

2024 жылғы 31 наурыздағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша номиналды сомалар немесе шарттарға сәйкес сомалар және тәуекел бойынша өлшенген сомалар келесілерді құраған:

|   | 2024 жылғы 31 наурыз<br>(аудит жүргізілмеген) |                              | 2023 жылғы 31 желтоқсан |  |
|---|---|------------------------------|-------------------------|--|
|   | Номиналды сома                                | Тәуекел бойынша орташа сома* | Номиналды сома          | Тәуекелді есепке ала отырып алынған сома |
| Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер                    | 207,540                                       | 171,105                      | 193,598                 | 134,799                                  |
| Кредит карталары бойынша міндеттемелер                                    | 87,370  | 17,474                       | 92,921                  | 18,584                                   |
| Аккредитивтер және басқа операцияларға қатысты басқа шартты міндеттемелер | 10,292  | 2,058                        | 16,978                  | 3,396                                    |
|   | <b>305,202</b>                                | <b>190,637</b>               | <b>303,497</b>          | <b>156,779</b>                           |

\* Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер 36,435 млн теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 58,799 млн теңге) мөлшеріндегі ақшалай қамсыздандыруды; номиналды құнының 20% мөлшеріндегі кредит карталары мен аккредитивтер бойынша міндеттемелерді шегере отырып көрсетілген.

Басшылық кредиттер және кредиттік желілер бойынша міндеттемелер өтеу кестесіне сәйкес ағымдағы кредит портфелінің өтелуінен алынған сомалардың есебінен қажетті мөлшерде қаржыландырылады деп күтеді.

2024 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша 205,811 млн теңге мөлшерінде берілген кепілдіктер мен 86,693 млн теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 161,298 млн теңге және 92,263 млн теңге) мөлшеріндегі кредит карталары бойынша міндеттемелер кредиттік тәуекелдің 1-сатысына (аудит жүргізілмеген), 27 млн теңге және 133 млн теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 33 млн теңге және сәйкесінше 144 млн теңге) кредиттік тәуекелдің 2-сатысына (аудит жүргізілмеген) және 1,702 млн теңге мен 544 млн теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 32,267 млн теңге және сәйкесінше 544 млн теңге) кредиттік тәуекелдің 3-сатысына (аудит жүргізілмеген) сәйкесінше жатқызылды.

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құнын емес, шығарылған кепілдіктер мен әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған ұқсас өзге міндеттемелер көрсетілген:

|                           | 2024 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан<br>2023 жыл |
|---------------------------|--|--------------------------|
| Ақша қаражаты             | 36,435   | 58,799                   |
| Жылжымайтын мүлік         | 44,051   | 50,537                   |
| Корпоративтік кепілдіктер | 51,537   | 17,829                   |
| Кепілсіз                  | 24,662   | 16,415                   |
| Жылжымалы мүлік           | 608  | 988                      |
| Айналымдағы тауарлар      | 1,327  | 554                      |
| Басқа                     | 48,920   | 48,476                   |
| <b>Барлығы</b>            | <b>207,540</b>                                   | <b>193,598</b>           |

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құны емес, әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған аккредитивтер және өзге операцияларға жататын шартты басқа міндеттемелер көрсетілген:

|                | 2024 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан<br>2023 жыл |
|----------------|--|--------------------------|
| Ақша қаражаты  | 3,596  | 10,128                   |
| Басқа          | 6,696  | 6,850                    |
| <b>Барлығы</b> | <b>10,292</b>                                    | <b>16,978</b>            |

Көрсетілген міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамай-ақ, тоқтатуға болады. Мұның салдарынан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер ақша қаражатының күтілген қайтуын қамтымайды.



## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 28. КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Топ жеке тұлғаларға, трастілік компанияларға, зейнетақы қорларына және өзге ұйымдарға кастодиандық қызмет көрсетеді, атап айтқанда клиенттің тапсырмасына сәйкес активтерді есепке алады және сақтайды немесе әртүрлі қаржы құралдарымен клиенттердің мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүргізеді. Топ осы қызметтерді ұсынғаны үшін комиссиялық сыйақы алады. Кастодиандық сақтау үшін алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есебінде көрсетілмейді. Топ аталған инвестициялар бойынша кепілдіктер бермейтіндіктен аталған қызметті жүзеге асырған кезде кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Фидуциарлық активтер номиналдық құны бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

|   | 2024 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудит<br>жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31<br>желтоқсан |
|---|---|----------------------------|
| Бағалы қағаздар   | 404,501   | 406,714                    |
| Ғимараттарға, автокөліктерге, жабдыққа, көлікке және басқа меншікке жасалған инвестиция | 6,261   | 6,261                      |
| Инвестициялық қорлардың пайлары   | 25  | 25                         |
| Банктік депозиттер  | -   | 47                         |
| Барлық фидуциарлық актив  | 410,787   | 413,047                    |

Топ активтерді басқаратын инвестициялық қорлардың және өзге заңды тұлғалардың активтері мен қызмет нәтижелеріне және олардың активтерімен жүргізілетін операцияларға қатысты есеп жүргізеді және есептілік құрады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ҚРҰБ ережелеріне сәйкес қызмет көрсетілетін активтерге қатысты басқарушы компаниямен салыстырып тексеру жүргізеді.

#### 29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

##### (а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы әлі даму үстінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру тұрғысында қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әзірге пайдаланылмайды. Топ ғимараттар мен жабдықтарды, қызметтің уақытша тоқтауын немесе Топтың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Топтың қызметіне қатысты өзге жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық зиянға байланысты үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты толық көлемде сақтандыру жүргізген жоқ. Топ өз қызметін жеткілікті дәрежеде сақтандырмайынша, келтірілген залал немесе белгілі бір активтердің ысырабының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына теріс ықпал етуінің тәуекелі болады.

##### (б) Сот талқылаулары

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүргізу процесінде Топ әртүрлі заңдық шағымдарды кездестіреді. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындаған міндеттемелерінің соңғы мөлшері (ондайлар болған жағдайда) Топтың қаржылық жағдайына немесе кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс ықпал етпейді деп есептейді.

##### (в) Қазақстандағы шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола тұрып, көбінесе нақты баяндалмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің жиі өзгертілуімен сипатталады, бұл өз кезегінде әртүрлі салық органдарының оларды әртүрлі түсінуіне, қоса алғанда ХҚЕС-ке сәйкес кірістердің, шығыстың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есебін жүргізу тәртібіне қатысты әртүрлі пікірлерге жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыз алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңде салықты есептеу дұрыстығын кейінгі кезектегі бес жыл ішінде тексеруге болады, алайда белгілі бір жағдайларда, бұл мерзімді ұзартуға болады.

Осы жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдермен салыстырғанда едәуір жоғары болуына әкелуі мүмкін. Топтың басшылығы қолданылатын салық заңнамасы, нормативтік талаптар мен сот шешімдері туралы өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық шамада көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, бұл қағиданы сәйкес органдар басқаша түсінуі мүмкін, егер олар өз позициясының дұрыстығын дәлелдей алса, бұл осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал ете алады.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР

##### (а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Келесі кесте 2024 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді (аудит жүргізілмеген):

|   | Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын | Барлық баланстық құны | Әділ құны        |
|---|---|---|--|-----------------------|------------------|
| Ақша қаражаты және оның баламалары  | -   | -   | 1,316,279                                      | 1,316,279             | 1,316,279        |
| Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары | 57,954  | -   | -  | 57,954                | 57,954           |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер                             | -   | 707,980   | -  | 707,980               | 707,980          |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер  | -   | -   | 158,727  | 158,727               | 159,243          |
| Банктердегі қаражат   | -   | -   | 92,332   | 92,332                | 92,332           |
| Клиенттерге және банктерге берілген несиелер  | -   | -   | 3,010,540                                      | 3,010,540             | 2,956,852        |
| Өзге қаржылық активтер  | -   | -   | 36,603   | 36,603                | 36,603           |
|   | <b>57,954</b>   | <b>707,980</b>  | <b>4,614,481</b>                               | <b>5,380,415</b>      | <b>5,327,243</b> |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері  | -   | -   | 386,604  | 386,604               | 386,604          |
| Клиенттердің қаражаты   | -   | -   | 4,057,059                                      | 4,057,059             | 3,927,035        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар   | -   | -   | 75,369   | 75,369                | 75,159           |
| Реттелген облигациялар  | -   | -   | 60,388   | 60,388                | 55,135           |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:   | -   | -   | 495,811  | 495,811               | 495,811          |
|   | -   | -   | <b>5,075,231</b>                               | <b>5,075,231</b>      | <b>4,939,744</b> |

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

##### (а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Келесі кесте 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

|   | Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын | Барлық баланстық құны | Әділ құны        |
|---|---|---|--|-----------------------|------------------|
| Ақша қаражаты және оның баламалары  | -   | -   | 1,353,334                                      | 1,353,334             | 1,353,334        |
| Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары | 55,414  | -   | -  | 55,414                | 55,414           |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер                             | -   | 583,693   | -  | 583,693               | 583,693          |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер  | -   | -   | 106,659  | 106,659               | 104,760          |
| Банктердегі қаражат   | -   | -   | 39,483   | 39,483                | 39,483           |
| Клиенттерге және банктерге берілген несие   | -   | -   | 2,928,849                                      | 2,928,849             | 2,911,512        |
| Өзге қаржылық активтер  | -   | -   | 29,826   | 29,826                | 29,826           |
|   | <b>55,414</b>   | <b>583,693</b>  | <b>4,458,151</b>                               | <b>5,097,258</b>      | <b>5,078,022</b> |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері  | -   | -   | 181,891  | 181,891               | 181,891          |
| Клиенттердің қаражаты   | -   | -   | 4,022,068                                      | 4,022,068             | 4,019,165        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар   | -   | -   | 70,532   | 70,532                | 65,859           |
| Реттелген облигациялар  | -   | -   | 58,587   | 58,587                | 57,386           |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:   | -   | -   | 521,670  | 521,670               | 521,670          |
|   | -   | -   | <b>4,854,748</b>                               | <b>4,854,748</b>      | <b>4,845,971</b> |

Әділ құнды бағалау активті сатудан алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операцияның талаптарында міндеттемелерін берген кезде төленген белгілі бір бағаға бағытталған.

Дегенмен, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

##### (а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Белсенді нарық айналымындағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Топтың өзге барлық қаржы құралдарының әділ құнын Топ басқа бағалау әдістерін пайдалана отырып, белгілейді.

Бағалау әдістерінің мақсаты бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операция өткізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне жету болып табылады.

Бағалау әдістеріне осы сәтке келтірілген таза құнды бағалау, ақша қаражатының ағымын дисконттау және оған қатысты нарықтық баға белгілеулер мәлім болатын ұқсас құралдармен салыстыру модельдері кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемесі кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемесін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулер, акциялар мен облигацияларға баға белгілеу және валюта бағамдары жатады. Бағалау әдістері нарыққа тәуелсіз қатысушылар белгілеген есептік күнгі жай-күйі бойынша қаржы құралының бағасын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Топ тек жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді пайдаланатын және пайымдарды немесе басшылықтың бағалауын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандарт және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кең танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Модельдерге арналған бақыланатын түзетулер мен шығыс деректер әдетте нарық айналымындағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржа айналымындағы туынды құралдар, сондай-ақ пайыздық своптар сияқты биржадан тыс қарапайым туынды қаржы құралдары үшін нарықта қолжетімді.

Күрделірек құралдар үшін Топ өзінің жеке бағалау модельдерін пайдаланады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе маңызды барлық деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық түзетулерден немесе мөлшерлемелерден туындайды немесе пайымдаулар негізінде құрылған баға болып табылады. Бағалау бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген құралдардың мысалы ретінде кейбір несиелер мен белсенді нарық болмаған бағалы қағаздар бола алады.

Келесі жорамалдарды басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- корпоративтік клиенттерге берілген несиелер және жеке клиенттерге берілген, АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген кредиттер бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін тиісінше жылына 6.96%-17.65% және 16.16%-23,80% (аудит жүргізілмеген) (2023 жылғы 31 желтоқсанда: жылына 6.87%-21.11% және 20.55%-28.35%) дисконттау мөлшерлемелері пайдаланылды;
- жылына 7.0%-дан 14.64%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері (аудит жүргізілмеген) «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы аясында берілген қарыздар бойынша ақша қаражатының болашақ ағынын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: жылына 7.0%-дан 14.64%-ға дейін). Банк осы мемлекеттік бағдарлама үшін нарықтың жеке сегментінің болу жорамалын қабылдай отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін номиналды мөлшерлемелерді қолданады;
- корпоративтік және жеке клиенттердің АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша ақша қаражатының болжамды болашақтағы ағымын есептеу үшін жылына 2.7%-13.6% және 0.9%-13.8% дисконттау мөлшерлемесі (аудит жүргізілмеген) пайдаланылды (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 2.6%-14.6% және 0.9%-13.7%);
- баға белгілейтін нарықтық құн шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады.

Әділ құнды бағалау құнды нақты анықтауға бағытталған, ол бойынша қаржы құралы жақсы хабарландырылған, мұндай мәмілені жасауды шын мәнінде қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін. Дегенмен, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер өтелетін құн ретінде қаралмауы тиіс.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

##### (б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есепте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнын бағалайды, ол үшін көрсетілген бағалауларды құрған кезде пайдаланылатын нақты деректерді есепке алатын келесі әділ құнды бағалау иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: Бірдей қаржы құралдарына қатысты актив нарығында белгіленетін бағалар (түзетілмеген);
- 2-деңгей: Тікелей (яғни баға белгілеу) немесе жанама (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) қолжетімді нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа келесілерді пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдарға арналған белсенді нарықта нарықтық баға белгілеу, белсенді нарық ретінде қаралмайтын нарықта бірдей немесе ұқсас құралдарға арналған нарықтық баға белгілеу немесе барлық пайдаланылатын деректер бақыланатын нарықтық деректерге тікелей немесе жанама негізделетін басқа да бағалау әдістері;
- 3-деңгей: Бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді, бұл ретте мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға маңызды әсер етеді. Бұл санатқа құралдар арасындағы айырманы көрсету үшін маңызды бақыланбайтын баға белгілеуді немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдарға арналған, баға белгілеуге негізделген құралдар кіреді.

Бұдан кейін кестеде 2024 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген.

|  | 1-деңгей      | 2-деңгей       | 3-деңгей     | Барлығы        |
|--|---------------|----------------|--------------|----------------|
| Пацда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - борыштық бағалы қағаздар     | 3,622         | 42,370         | -            | 45,992         |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - үлестік бағалы қағаздар      | 2,605         | 8,880          | -            | 11,485         |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары | 70,668        | 627,713        | 7,301        | 705,682        |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – үлестік қаржы құралдары  | 905           | 1,393          | -            | 2,298          |
|  | <b>77,800</b> | <b>680,356</b> | <b>7,301</b> | <b>765,457</b> |

Бұдан кейін кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген:

|  | 1-деңгей      | 2-деңгей       | 3-деңгей     | Барлығы        |
|--|---------------|----------------|--------------|----------------|
| Пацда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - борыштық бағалы қағаздар     | 4,239         | 42,381         | -            | 46,620         |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - үлестік бағалы қағаздар      | 2,049         | 6,683          | -            | 8,732          |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары | 58,417        | 517,851        | 6,255        | 582,523        |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – үлестік қаржы құралдары  | 1,170         | -              | -            | 1,170          |
|  | <b>65,875</b> | <b>566,915</b> | <b>6,255</b> | <b>639,045</b> |

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

##### (б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Келесі кестеде 2024 жылғы және 2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін әділ құн сатысының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалауға қатысты салыстырып тексеру берілген:

|  | 2024 жыл | 2023 жыл |
|--|----------|----------|
| I қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық                                   | 6,255    | 12,285   |
| Таза пайыздық кіріс (аудит жүргізілмеген)                              | 25       | 154      |
| Алынған пайыздар (аудит жүргізілмеген)                                 | (103)    | -        |
| Әділ құнның өзгеруінен болған таза кіріс (шығыс) (аудит жүргізілмеген) | 1,124    | (2,382)  |
| 31 наурыздағы қалдық (аудит жүргізілмеген)                             | 7,301    | 10,057   |

Келесі кестеде Банк барлық өзге де ауыспалы көрсеткіштер өзгеріссіз қалады деген жорамалды негізге ала отырып, есепті күнгі жағдай бойынша негізделген түрде мүмкін деп есептейтін, бақыланбайтын деректердегі өзгерістерге сезімталдықты талдаумен қатар, 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша әділ құн сатысының 3-деңгейіне жатқызылған таза активтердің әділ құнын бағалау үшін жыл соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат көрсетілген.

|   | Қаржы активтерінің<br>әділ құн мың теңге<br>млн теңге | Бағалау әдісі   | Маңызды<br>бақыланбайтын<br>деректер         | Негізделген<br>ауытқу | Әділ құнның<br>бақыланбайтын<br>деректерге<br>сезімталдығын<br>талдау |
|---|---|---|--|-----------------------|---|
| 2024 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудит<br>жүргізілмеген) | 6,255   | Бағалы қағаздар<br>деректер базасының<br>қолма-қол баға әдісі | Сұраныс пен<br>ұсыныс арасындағы<br>спредтер | +/-10.0%              | 626   |

#### Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма

Көп жағдайларда бағалау әдістері негізделетін барлық нақты шығыс деректер, мысалы, валюталық нарықтағы ұқсас мәмілелер бойынша ақпаратқа сүйеніп, толығымен қолжетімді болып табылады. Барлық шығыс деректер бақыланатын болып табылмайтын жағдайда, мысалы, есепті күнгі жай-күйі бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен бақыланатын мәмілелер болмауына байланысты, Топ тек бақыланбайтын шығыс деректерге негізделетін бағалау әдістерін пайдаланады, мысалы, қаржы құралдарының негізінде жатқан құбылмалылықтар, мәміленің қолданыс мерзімі аяқталатын кезеңге қатысты күтулер. Егер бастапқы танылған кезде әділ құн белсенді нарықтағы баға белгілеулерімен расталмаса немесе тек бақыланатын шығыс деректер пайдаланылатын бағалау әдістеріне сүйенбесе, бастапқы танылған кездегі әділ құн мен мәміле бағасының арасындағы кез келген айырма тез арада пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілмейді, болашақтағы кезеңдерге тасымалданады.

Топ өзінің әділ құнды бағалауларын барабар деп есептейтініне қарамастан, әртүрлі әдістерді және пайымдарды пайдалану әділ құнды әртүрлі бағалауларға әкелуі мүмкін.

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 30. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

##### (б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма, жалғасы

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша (аудит жүргізілмеген) әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген

|  | 2-деңгей  | 3-деңгей | Барлық әділ құны | Барлық баланстық құны |
|--|-----------|----------|------------------|-----------------------|
| <b>Активтер</b>  |           |          |                  |                       |
| Ақша қаражаты және оның баламалары   | 1,316,279 | -        | 1,316,279        | 1,316,279             |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер | 159,243   | -        | 159,243          | 158,727               |
| Банктердегі қаражат  | 92,332    | -        | 92,332           | 92,332                |
| Клиенттерге және банктерге берілген несие                                  | 2,906,815 | 50,037   | 2,956,852        | 3,010,540             |
| Өзге қаржылық активтер   | 36,603    | -        | 36,603           | 36,603                |
| <b>Міндеттемелер</b>   |           |          |                  |                       |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері                   | 386,604   | -        | 386,604          | 386,604               |
| Клиенттердің қаражаты  | 3,927,035 | -        | 3,927,035        | 4,057,059             |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар  | 75,159    | -        | 75,159           | 75,369                |
| Реттелген облигациялар   | 55,135    | -        | 55,135           | 60,388                |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:  | 495,811   | -        | 495,811          | 495,811               |

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген

|  | 2-деңгей  | 3-деңгей | Барлық әділ құны | Барлық баланстық құны |
|--|-----------|----------|------------------|-----------------------|
| <b>Активтер</b>  |           |          |                  |                       |
| Ақша қаражаты және оның баламалары   | 1,353,334 | -        | 1,353,334        | 1,353,334             |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер | 104,760   | -        | 104,760          | 106,659               |
| Банктердегі қаражат  | 39,483    | -        | 39,483           | 39,483                |
| Клиенттерге және банктерге берілген несие                                  | 2,868,885 | 42,627   | 2,911,512        | 2,928,849             |
| Өзге қаржылық активтер   | 29,826    | -        | 29,826           | 29,826                |
| <b>Міндеттемелер</b>   |           |          |                  |                       |
| Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері                   | 181,891   | -        | 181,891          | 181,891               |
| Клиенттердің қаражаты  | 4,019,165 | -        | 4,019,165        | 4,022,068             |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар  | 65,859    | -        | 65,859           | 70,532                |
| Реттелген облигациялар   | 57,386    | -        | 57,386           | 58,587                |
| Басқа қаржылық міндеттемелер:  | 521,670   | -        | 521,670          | 521,670               |

## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 31. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байсеитов Б.Р. мырза Топқа түпкілікті бақылау жасайды.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастырған кезде, олардың заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастардың мәніне де ерекше көңіл бөлінеді. Банк пен Банктің байланысты тараптары болып табылатын еншілес компаниялар арасындағы операциялар шоғырландыру кезінде алынып тасталады және осы ескертпеде көрсетілмейді. Топтың байланысты тараптармен жүргізетін операциялары туралы ақпарат төменде берілген:

|   | 2024 жылғы 31 наурыз<br>(аудит жүргізілмеген)   |   | 2023 жылғы 31 желтоқсан                         |   |
|---|---|---|---|---|
|   | Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар | Орташа тиімді номиналды пайыздық мөлшерлеме | Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар | Орташа тиімді номиналды пайыздық мөлшерлеме |
| <b>Клиенттер мен банктерге берілген несиелер, брутто</b>                          | <b>29,944</b>                                   |   | <b>25,353</b>                                   |   |
| - Топтың басқарушы тірек қызметкерлері  |   |   |   |   |
| - теңгемен  | 106   | 18.28%                                      | 97  | 10.36%                                      |
| - басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары                                  |   |   |   |   |
| - теңгемен  | 25  | 18.25%                                      | 25  | 18.25%                                      |
| - ортақ бақылаудағы кәсіпорындар  |   |   |   |   |
| - АҚШ долларымен  | 23,644  | 5.00%                                       | 24,055  | 5.00%                                       |
| - теңгемен  | 1,169   | 19.00%                                      | 1,176   | 19.00%                                      |
| <b>Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резерв</b> | <b>(18,576)</b>                                 |   | <b>(18,764)</b>                                 |   |
| - ортақ бақылаудағы кәсіпорындар  | (18,576)  |   | (18,764)  |   |
| <b>Клиенттердің қаражаты</b>  |   |   | <b>6,684</b>                                    |   |
| - Топтың басқарушы тірек қызметкерлері  |   |   |   |   |
| - теңгемен  | 417   | 14.50%                                      | 298   | 14.06%                                      |
| - АҚШ долларымен  | 1,238   | 0.75%                                       | 748   | 0.79%                                       |
| - өзге валюталарда  | 102   | 0.10%                                       | 80  | 0.10%                                       |
| - басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары                                  |   |   |   |   |
| - теңгемен  | 3,223   | 14.45%                                      | 3,004   | 14.00%                                      |
| - АҚШ долларымен  | 772   | 0.75%                                       | 368   | 1.5%  |
| - өзге валюталарда  | 13  | 0.1%  | 14  | -   |
| - басқа   |   |   |   |   |
| - теңгемен  | 330   | 13.5%                                       | 298   | 14.37%                                      |
| - АҚШ долларымен  | 1,868   | 1.50%                                       | 1,855   | 0.75%                                       |
| - өзге валюталарда  | 16  | -   | 19  | 0.10%                                       |

Қамсыздандырылған және қамсыздандырылмаған несиелер мен кепілдіктер басқарушы тірек қызметкерлерге және өзге байланысты тараптарға әдеттегі қызмет барысында беріледі. Бұл несиелер негізінде пайыздық мөлшерлемелерді қосқанда, осындай жағдайдағы тұлғалармен немесе, егер қолданылатын болса, басқа компаниялармен және қызметкерлермен басқа осындай мәмілелерді жасағанда қолданылатын талаптармен беріледі. Осы несиелер әдеттегіден тыс кредиттік тәуекелге ұшыраған жоқ және басқа жағымсыз жағдайлар тудырған жоқ.

Басқарушы тірек қызметкердің және басқа байланысты тараптардың депозиттеріне нарықта ұсынылатын мөлшерлемелер немесе Топтың ішіндегі басқа қызметкерлерге қойылатын талаптар бойынша пайыз есептеледі.



## «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ АЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

#### 31. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР, ЖАЛҒАСЫ

2024 жылғы және 2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай бойынша жасалған пайда және залал туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есепте байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген:

|  | 2024 жылғы 31<br>наурызда аяқталған<br>үш ай бойынша<br>(аудит<br>жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31<br>наурызда аяқталған<br>үш ай бойынша<br>(аудит<br>жүргізілмеген) |
|--|--|--|
| <b>Пайыздық кіріс</b>  | <b>69</b>  | <b>674</b>   |
| - Топтың басқарушы тірек қызметкерлері   | 3  | -  |
| - басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары   | 1  | 1  |
| - ортақ бақылаудағы кәсіпорындар   | 65   | 673  |
| <b>Пайыздық шығыс</b>  | <b>(148)</b>   | <b>(199)</b>   |
| - Топтың басқарушы тірек қызметкерлері   | (14)   | (17)   |
| - басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары   | (115)  | (121)  |
| - басқа  | (19)   | (61)   |
| <b>Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің күтілетін құнсыздануына бөлінген резервті құру</b> | <b>(134)</b>   | <b>(3,541)</b>   |
| - ортақ бақылаудағы кәсіпорындар   | (134)  | (3,541)  |
| <b>Операциялық шығыс</b>   | <b>(389)</b>   | <b>(248)</b>   |
| - Топтың басқарушы тірек қызметкерлері   | (306)  | (213)  |
| - БД   | (83)   | (35)   |